	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жару құрылғыларын заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (251-бап)	59				
	Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (255-бал)	60				
	Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу (256-бап)	61				
	Бұзақылық (257-бап)	62				
	Тағылық (258-бап)	63				
	Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар	64				
10 - ТАРАУ	Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер өтетін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-бап)	65				
	Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер өтетін заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап)	66				
	Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер өтетін заттарды тұтыну үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау (264-бап)	67				
	Санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу (267-бап)	68				
	Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар	69				
	Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы (277-бап)	70				
	Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы (278-бап)	71				

	Микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы (279-бап)	72				
	Ветеринарлық ережелерді және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы (280-бап)	73				
11 - ТАРАУ	Суларды ластау, бітеу және сарқу (281-бап)	74				
	Атмосфераны ластау (282-бап)	75				
	Теңіз аясын ластау (283-бап)	76				
	Қазақстан Республикасының құрылықтық шельфі туралы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы (284-бап)	77				
	Жерді бүлдіру (285-бап)	78				
	Жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу (286-бап)	79				
	Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу (287-бап)	80				
	Заңсыз аңшылық (288-бап)	81				
	Жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу (289-бап)	82				
	Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қауіпті төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер (290-бап)	83				
	Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу (291-бап)	84				
	Ормандарды жою немесе зақымдау (292-бап)	85				
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы (293-бап)	86				
	Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау (294-бап)	87				
Өзге де экологиялық қылмыстар	88					
	Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы					

12 - ТАРАУ	және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы (296-бап)	89				
	Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (299-бап)	90				
	Көліктің қауіпсіз жұмыс Істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу (300-бап)	91				
	Ұшудың халықаралық ережелерін бұзу (306-бап)	92				
	Өзге де көліктегі қылмыстар	93				
	Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап)	94				
13 - ТАРАУ	Билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап)	95				
	Пара алу (311-бап)	96				
	Пара беру (312-бап)	97				
	Парақорлыққа делдал болу (313-бап)	98				
	Қызметтегі әрекетсіздік (315-бап)	99				
	Салақтық (316-бап)	100				
14 - ТАРАУ	Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар	101				
	Өкімет өкілін қорлау (320-бап)	102				
	Өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (321-бап)	103				
	Прокурорлардың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау (321-1-бап)	104				
	Қазақстан Республикасының күзетілетін Мемлекеттік шекарасынан әдейі заңсыз өту (330-бап)	105				
	Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (330-1-бап)	106				
	Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (330-2-бап)	107				
	Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзу (330-3-бап)	108				



	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын құқыққа қарсы өзгерту (331-бап)	109				
	Жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу (334-бап)	110				
	Басқару тәртібіне қарсы өзге де қылмыстар	111				
15 - ТАРАУ	Сот төрелігін жүзеге асыруға және алдын ала тергеу жүргізуге кедергі жасау (339-бап)	112				
	Сотты құрметтемеу (342-бап)	113				
	Жауап беруге мәжбүр ету (347-бап)	114				
	Азаптар (347-1-бап)	115				
	Бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу (358-бап)	116				
	Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасыз өтеуден жалтару (359-бап)	117				
	Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (360-бап)	118				
	Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау (362-бап)	119				
Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы өзге де қылмыстар	120					
Бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу (370-бап)	121					
Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (372-бап)	122					
Қашқындық (373-бап)	123					
Қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу (377-бап)	124					

16 - ТАРАУ	Ішкі қызмет атқарудың және гарнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін бұзу (378-бап)	125				
	Билікті теріс пайдалану, биліктің асыра қолданылуы немесе әрекетсіздігі (380-бап)	126				
	Қызметке селқос қарау (381-бап)	127				
	Әскери мүлікті қасақана құрту немесе бүлдіру (387-бап)	128				
	Айналадағыларға қауіп туғызатын қару-жарақты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу (390-бап)	129				
	Машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу (391-бап)	130				
	Өзге де әскери қылмыстар	131				
	БАРЛЫҒЫ:	132				

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а с

П р о к у р о р ы н ы ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 7

м а у с ы м д а ғ ы

№

3 4

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

**«Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламаларды қарауы туралы» № 2-3С нысанды статистикалық есептің құрылуы жөніндегі Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық «Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламаларды қарауы туралы» № 2-3С нысанды статистикалық есепті (одан әрі – есеп) қалыптастыруға арналған.

2. Есептің мақсаты қылмыстық қудалау органдарына қылмыстың түрлері бойынша келіп түсетін өтініштер мен хабарламалардың, олардың қаралу нәтижелері, іс жүргізу шешімдері бойынша қабылданған мерзімдері мен негізділігі құрылымын сипаттайтын статистикалық ақпаратты есепке алу, жинақтау және жүйелеу болып табылады.

3. Есепті қалыптастыруға № 3704 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 17 маусымдағы № 27 бұйрығымен бекітілген

Қылмыстар, қылмыстық істер, оларды тергеу нәтижелері және сотта қарау туралы өтініштер мен хабарламаларды бірыңғай кәртiшкелiк есепке алуды жүргiзу жөнiндегi нұсқаулықтың (Бiрыңғай бiрiздендiрiлген статистикалық жүйе) талаптарына сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектiлерi толтырған және ұсынған ЗС-1 және ЗС-2 нысанды ақпараттық есепке алу құжаттары (одан әрi – АЕҚ) негiз болады.

4. Осы статистиканың субъектiлерi прокуратура, Ұлттық қауiпсiздiк комитетi (одан әрi – ҰҚК), Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес агенттiгi (қаржы полициясы), Iшкi iстер министрлiгi (одан әрi – ИМ), ИМ Iшкi әскерiнiң әскери полициясы, Әдiлет министрлiгiнiң Қылмыстық-атқару жүйесiнiң комитетi, Қорғаныс министрлiгi, Қаржы министрлiгiнiң Кедендiк бақылау комитетi, Төтенше жағдайлар министрлiгi, ҰҚК Шекара қызметi, Әскери қарсы барлау, ҰҚК Әскери полициясы органдары болып табылады.

5. Құқықтық статистика субъектiлерiнiң басшылары ұсынатын мәлiметтердiң толықтығына, растығына жауапты, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөнiндегi комитетiнiң (одан әрi – ҚСЖАЕК) форматында қылмыстар, оқиғалар туралы өтiнiштер мен хабарламалар бойынша (ЗС-1 және ЗС-2) электрондық деректер базасын қалыптастыруды қамтамасыз етедi және ҚСЖАЕК аумақтық басқармаларына (одан әрi – ҚСЖАЕКБ) мәлiметтi толтырылған кезiнен бастап, 24 сағат iшiнде күнделiктi жолдайды.

6. ҚСЖАЕК және ҚСЖАЕКБ-на ЗС-1 және ЗС-2 насанды АЕҚ-ның электрондық нысандарына өзгерiстер енгiзуге тыйым салынады. ЗС-1 және ЗС-2 сәйкес келмеушiлiктер мен бұрмалануы анықталған жағдайда, уәкiлеттi орган хат түрiнде құқықтық статистика субъектiсiне анықталған бұзушылықтарды жою қажеттiлiгi жөнiнде анықталған бұрмалану мен сәйкес келмеушiлiктер туралы хабарлайды. ҚСЖАЕКБ бастықтары АЕҚ-ны бақылауды және оның бұрмалануын жою бойынша қажеттi шаралар қабылдайды.

Ескерту: Есеп көрсеткiштерiн ҚСЖАЕК және ҚСЖАЕКБ АЕҚ-ның ҚСЖАЕКБ-на түскен күнi бойынша есептейдi.

7. Есеп қылмыстар, оқиғалар туралы өтiнiштер мен хабарламаларды қарау жөнiндегi аймақ бойынша жиынтық есептен және осы аймақтың әрбiр қылмыстық қудалау органы бойынша есептерiнен тұрады. Көлiктiк аймақтар бойынша есептердi тек iшкi iстер органдары және прокуратура органдары, яғни көлiктегi қылмыстар жөнiндегi өтiнiштер, хабарламалар бойынша қалыптастырады. Қай прокуратура қадағалауды жүзеге асыратынына қарамастан, басқа құқық қорғау органдары бойынша есеп өтiнiштi тiркеген субъект бойынша қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Барлық әскери субъектілер бойынша есепті өтініштер мен хабарламалар бойынша оларға АЕҚ ұсынатын Әскери басқармалар қалыптастырады.

8. Бағаналар бойынша жиынтық есептің көрсеткіштері басқа қылмыстық қудалау органдарынан түскен өтініштер, өтініштерді тергеуде болуы және соттылығы бойынша жіберу туралы 3, 19, 20-бағаналар көрсеткіштерін есептегенде, қылмыстық қудалау органдары бойынша есептердің сәйкес көрсеткіштерінің сомасына тең болуы керек.

9. Жиынтық есепті және әрбір субъект бойынша есептерді олардың арасындағы қисынды қатынасты қамтамасыз ету үшін бірдей мезгілде ұсынады.

10. ҚСЖАЕК статистикалық кесімді бекітіп, есепті кезеңді жапқаннан кейін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2000 жылдың 10 қазандағы № 55 бұйрығында белгіленген тәртіпте есепке түзетулер енгізуге болады.

Барлық статистикалық есептер Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарымен бекітілген нысан бойынша бланкілерде құрылады.

## **2. Есепті ұсыну мерзімдері**

11. Есеп тоқсан сайын өсу қорытындысымен құрастырылады.

12. Қорытындысы бойынша есеп қалыптастырылатын кезеңнің соңғы күнтізбелік күні есепті кезеңнің аяқталу күні болып есептеледі.

13. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ҚСЖАЕКБ-на тоқсан сайынғы есептерді қалыптастырған кезде, 3С-1 және 3С-2 есепті электрондық базаға есепті кезеңнен кейінгі айдың 1 күні сағат 24.00 дейін ж о л д а й д ы .

14. ҚСЖАЕКБ жауапты қызметкері егжей-тегжейлі тексерген соң, Орталық аппарат есепті кезеңнен кейінгі айдың 3 күні сағат 01.00 статистикалық кесімді бекітеді. Бекітілген статистикалық кесімге қандай да бір өзгерістер енгізуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

15. ҚСЖАЕК есепті кезеңнен кейінгі айдың 8 күні қылмыстық қудалау органының әрбір сәйкес органына есепті жолдайды.

16. ҚСЖАЕКБ бастығы қол қойған есептердің даналары тоқсан сайын ҚСЖАЕК-не статистикалық кесімді нақты бекіткен күннен бастап, 5 күн ішінде ж о л д а н а д ы .

17. Түпнұсқа және ҚСЖАЕК қалыптастыратын деректердің арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда, бекітілген статистикалық келісімнен алынған есептердің мәліметтері негізге алынады.

## **3. Есеп құрылымы және құру тәртібі**

18. Есеп А, Б және В кестелерінен тұрады.

19. Есептің А кестесіне қылмыстар, оқиғалар жөнінде тіркелген өтініштер, хабарламаларды, сол сияқты құқықтық статистика субъектілерінің оларды қарау нәтижелері, қарау мерзімі туралы есепті кезеңнің басы мен аяғына дейін шешімдері қабылданбаған өтініштер және хабарламалар туралы мәліметтер ж а т а д ы .

20. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптары мен тарауларына сәйкес жолдарда қылмыстар туралы мәліметтер б е й н е л е н е д і .

21. Қылмыстық қудалаудың әрбір органы бойынша бірыңғай нысандағы жеке есеп құрылады, онда құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін 1-35 бағандары мен 1-141 жолдары ұқсас болып келеді және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары мен тарауларына сәйкес қылмыс түрлері б е й н е л е н е д і .

22. Бағандардың көрсеткіштері АЕК деректеріне сәйкес келуі тиіс.

23. 1-бағанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі ( бұдан әрі - ҚР ҚІЖК) 185-бабының 1-бөлімінде көзделген, іс жүргізу шешімдері шығарылмаған есептік жылдың басында қараусыз қалған қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштердің және хабарламалардың қалдығы бейнеленеді.

24. 2-бағанда есептік кезеңде тіркелген қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштердің және хабарламалардың саны, сонымен қатар Өтініштерді есепке алу кітабына (одан әрі - ӨЕК) бұрын тіркелгендерге қоса берілген өтініштер саны б е й н е л е н е д і .

Есептік жылдың басталуына алдын ала саралау бойынша қылмыстар, оқиғалар жөніндегі қаралмаған өтініштер мен хабарламалардың көрсеткіштер сомасы (1-баған) және есептік кезеңде тіркелген қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалардың саны, сонымен қатар бір дерек бойынша ӨЕК-на алдында тіркелгендерге қоса берілгендер (2-баған) ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлімі тәртібінде қабылданған шешімдер бойынша көрсеткіштер сомасына (6-баған), бір дерек бойынша ӨЕК алдында тіркелгендерге қоса берілгендерге (34-баған) және есептік кезеңнің соңындағы қалдыққа (35-баған) тең келуі тиіс.

25. 3-бағанда 2-бағаннан басқа қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалардың саны мен реттік нөмірін бере отырып, ӨЕК тіркелгендердің саны ерекшеленеді.

26. 4-бағанда ӨЕК тіркеуден жасырынған, бірақ соңында анықталған және тиісінше тіркелген қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалардың жалпы саны бейнеленеді.

27. 5-бағанда 4-бағаннан, сол сияқты прокурордың анықтаған есепке алынудан жасырынған өтініштер мен хабарламалары.

Есепке алынудан жасырынған қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламалар туралы мәліметтер қылмыстық қудалау органының, сонымен қатар прокуратура органдарының (аудандық, облыстық және тағы басқа) есепке алу-тіркеу тәртібінің бұзылуы анықталған бөлімінің есебінде есептелетінін ескеру қажет.

Прокуратура органдарының есебінде 5-бағанда жоғары тұрған прокурорлардың анықтаған қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалар бейнеленуі тиіс.

28. Егер жасырынған қылмыс туралы өтініш (қылмыстық қудалау органының ӨЕК тіркелмесе) прокуратура органдарына түссе, онда ол ЗС-1 нысанды АЕҚ шығара отырып, тіркеу үшін жолданады және келесі деректемелер: 4.1 «анықталған есептен жасырынған өтініш»; 4.2 «өтінішті жасырған орган»; 4.3 «есептен жасырынған өтініш органға жолданған» өтініштің шығыс нөмірін және жолдаған күнін 20 \_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_, қай органға жолданғанын көрсететіріп, толтырылады.

Орган жасырынған өтінішті тіркегені туралы прокуратураны алған күннен бастап, 24 сағат ішінде хат түрінде хабардар етеді.

29. 6-бағанда ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық қудалау органы барлық өтініштер мен хабарламалар бойынша қабылдаған шешімдері ескеріледі.

30. 7-бағанда 6-бағаннан есептік жылдың басталуына қалған ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлігі тәртібінде қабылданған шешімдер саны ерекшеленеді.

31. 8-бағанада қабылданған шешімдердің жалпы санынан қозғалған қылмыстық істер саны көрсетіледі.

32. 9-бағанда есепке алынудан жасырынған қылмыстар, оқиғалар туралы анықталған өтініштер мен хабарламалар материалдары бойынша қозғалған қылмыстық істердің көрсеткіштері бейнеленеді (4-бағана көрсеткішінен).

33. 10-бағанда - 4-бағанадан қылмыстық істі қозғаудан бас тартылғандары.

34. 11-бағанда – қабылданған шешімдер қатарынан қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы өтініштер мен хабарламалар ескеріледі.

35. 12-бағанда тексеру материалдары бойынша ақталмайтын негіздермен қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған өтініштер мен хабарламалар ерекшеленеді.

36. 13-бағанада рақымшылық акті салдарынан қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулысы шығарылған материалдар ескеріледі.

37. 14-бағанда ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігі 12-тармағы тәртібінде қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулысы шығарылған материалдар ескеріледі.

38. 15-бағанада ҚР ҚІЖК 38-бабының 1-бөлігі және ҚР ҚК 67-бабы

тәртібінде қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулысы шығарылған материалдар ескеріледі.

39. ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігі 2-тармағына сәйкес қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламалар.

40. 17-бағанада ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігі 1-тармағына сәйкес қылмыс оқиғасының болмауына байланысты.

41. 18-бағанада - қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулысы шығарылған материалдар бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарға жолданған өтініштер мен хабарламалар саны.

42. 19-бағанада ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлігі 3-тармағына сәйкес тергеуде болуына байланысты жолданған өтініштердің немесе хабарламалардың саны бейнеленеді. Соттылығы бойынша берілген материалдар 20-бағанда ескеріледі.

Қылмыстық қудалау органының сол бір бөлімшесінде хабарламалар мен өтініштерді бір қызметкерден екінші қызметкерге немесе бір бөлімшеден екінші ішкі ведомстволық бөлімшеге беру осы бағанда бейнеленбейді.

43. Тергеуде болуы бойынша жолданған қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламалар оны қабылдаған органда тіркелуі тиіс. Қарау мерзімі органға келіп түскен, қабылдап алған және сол бойынша ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлігі 1 және 2-тармақтары тәртібінде шешім қабылдаған сәттен бастап есептеледі.

ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлігі 3-тармағы тәртібінде тергеу және анықтау органдарына соттылығы бойынша жолдаған қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламалар ҚР ҚІЖК 390-бабының 1-тармағы талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

44. Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау мерзімі туралы мәліметтер 21-24 бағандарда бейнеленеді, с.і. 21-бағанда 3 тәуліктен кем емес мерзімде, 22-бағанда - үштен он тәулікке дейін, 23-бағанда он тәуліктен екі айға дейін, 24-бағанда - екі айдан астам.

Егер қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламалар Ақпараттарды есепке алу журналынан ӨЕК-на уақытылы қайта тіркелмесе, онда оны қарау мерзімі ҚР ҚІЖК 184-бабына сәйкес оның қылмыстық қудалау органына келіп түскен сәтінен бастап есептеледі.

45. 25-бағанда қылмыстық істі қозғай отырып, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күші жойылған қаулылар саны ескеріледі. Бұл бағанда өткен жылдарда прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту жөніндегі материалдары бойынша қабылдаған шешімдері ескерілмейді.

Қозғалған қылмыстық істердің саны қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыны алу және қалалық немесе аудандық прокуратуралардың қадағалау өндірісіне қосылған қылмыстық істі қозғау жөніндегі прокурор

қаулыларының көшірмелерімен салыстырылуы тиіс.

46. 26-бағанда қылмыстық қудалау органының бастамасымен қылмыстық істі қозғай отырып, прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күшін жойған қаулылар саны ерекшеленеді.

47. 27-бағанда материалдарды қосымша тексеру өндірісіне жолдай отырып, прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күшін жойған қаулылар саны бейнеленеді. Сонымен қатар, өткен жылдарда қылмыстық істі қозғаудан бас тарту материалдары бойынша прокурордың қабылдаған шешімдері ескерілмейді.

48. Қылмыстық қудалау органының бастамасымен материалдарды қосымша тексеруге жолдай отырып, прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күшін жойған қаулылар саны 28-бағанда ескеріледі.

49. 29-бағанда қосымша тексеруге жолдай отырып, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жою жөніндегі прокурордың қайталап қабылдаған шешімдері бойынша материалдар саны.

50. 30-бағанада – материалдарды қосымша тергеуге жолдай отырып, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күші жойылған қаулылар қатарынан, қылмыстық істі қозғаудан қайта бас тартылған қаулылар саны ескеріледі. 31-бағанада – материалдарды қосымша тексеруге жолдай отырып, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күші жойылған қаулылар қатарынан қозғалғандары.

51. 32 және 33-бағаналарда материалдарды қосымша тексеруге жолдай отырып, прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күші жойған қаулысын 1 айға дейін және 1 айдан астам қарау мерзімі бейнеленеді.

52. 34-бағанада бір дерек бойынша бұрын ӨЕК-на тіркелгенге қоса берілген өтініштер мен хабарламалар саны ескеріледі. Сонымен қатар, олар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері есепке алынбайды.

53. 35-бағанада түпкілікті іс жүргізу шешімдері қабылданбаған өтініштер мен хабарламалар, сол сияқты прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы күшін жойған қаулысы немесе есепті кезеңде қосымша тексеруге жолдай отырып, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы материалдары бейнеленеді.

54. Б, В кестелерде қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шығарылған қаулы материалдары бойынша зиянды анықтау және өтеу жөніндегі қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері бейнеленген. В кестесінде анықталған және өтелген зиян мемлекеттік органдарға, заңды тұлғаларға және азаматтарға жеке бөліп көрсетілген.

55. Аталған қосымша АЕҚ (№ 3С-1 және № 3С-2 нысанды статистикалық кәртішкелер) негізінде барлық қылмыстық қудалау органдары бойынша құрылады.



56. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы материалдар бойынша зиянды өтеу жөніндегі бейнеленетін мәліметтердің нақтылығына қылмыстық қудалау органдарының басшылары дербес жауап береді.

57. Ақталатын және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту материалдары бойынша анықталған және өтелген зиян сомасы мындаған теңгемен белгіленеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 7

м а у с ы м д а ғ ы

№ 3 4 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қылмыстық қудалау органдарымен қылмыс, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау туралы» № 2-3С нысанды статистикалық есеп және оны құру жөніндегі Нұсқауды бекіту және іске ендіру туралы» 2003 жылғы 11 тамыздағы № 48 бұйрығы (№ 2441 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген) .

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстар жөніндегі өтініштер мен хабарламаларды қарауы туралы» № 2-3С нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы № 48 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2005 жылғы 5 шілдедегі № 34 бұйрығы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 11 тамыздағы (№ 3726 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 11 тамыздағы «Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстар жөніндегі өтініштер мен хабарламаларды қарауы туралы» № 2-3С нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы № 48 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2006 жылғы 25 қыркүйектегі № 54 бұйрығы (№ 4453 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 шілдедегі № 32 бұйрығы 1-тармағының (3-тармақшасы) (№ 4908 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК